

Бекітемін:

Директор

Смагулов Т.Б.

«02» қыркүйек 2024 ж

2024-2025 оқу жылы
Қарағанды облысы білім басқармасының
Осакаров ауданы білім бөлімі
КММ «№31 негізгі орта мектебі»
оқушыларының тамақтануын ұйымдастыруды
жақсарту бойынша іс-шаралар жоспары

Мақсаты: денсаулықты нығайтуға қолайлы жағдай жасау, дұрыс тамақтану дағдыларын қалыптастыру, балаларға қызмет көрсетудің жаңа түрлерін іздестіру, оқушыларды қоғамдық тамақтандырумен қамтуды арттыру.

Тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша негізгі міндеттер:

- оқушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру мақсатында мектептің құқықтық және әдістемелік базасын құру;
- мектеп оқушыларын толыққанды, сапалы тамақтандырумен қамтамасыз ету;
- тамақтану мәдениеті дағдыларын қалыптастыру;
- балалар мен ата-аналарда денсаулықты сақтау мен нығайтудың құрамдас бөлігі ретінде дұрыс тамақтану қажеттілігін қалыптастыру;
- АКТ пайдалана отырып, тамақтануды қамту мониторингі жүйесін ұйымдастыру;
- Қоғамдық тамақтандыруда санитарлық-гигиеналық нормаларды сақтау;
- Көп балалы және аз қамтылған отбасы балаларын тегін тамақтандыру;
- ата-аналардың (заңды өкілдердің) қаражатын тарта отырып, оқушылардың ұтымды тамақтануын ұйымдастыру үшін қолайлы жағдайлар жасау;
- тамақтанудың санитарлық-гигиеналық қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- ата-аналар (заңды өкілдер) мен білім алушылар арасында дұрыс тамақтану қажеттілігі туралы жүйелі түсіндіру жұмыстарын жүргізу;

Әкімшілік:

- тамақтандыруды ұйымдастыруды және тағам сапасын бақылау;
- қауіпсіз тамақтану жағдайларын сақтау;
- асхананың жағдайын және тамақтандыру бөлімшесінің жағдайын қадағалау;
- азық-түлік сапасын үнемі бақылау;
- мектеп оқушыларының тамақтануын қамтуды арттыру шараларын әзірлеу;
- білім алушылар арасында санитарлық-гигиеналық білімді салауатты өмір салты негіздерінде тарату бойынша ағартушылық жұмыстары.

Педагогикалық ұжым:

- сыныптарда салауатты өмір салтын насихаттау: сынып сағаттары, ата-аналар жиналысы, сыныптан тыс іс-шаралар, ұжымдық социологиялық зерттеулер, сынып деңгейінде жеке әңгімелер;
- сабақта тамақтанудың қамтылуын бақылау;
- жағдайы төмен отбасыларды анықтау және үйлеріне қатынасу;

Ата-аналар қауымдастығы:

- тамақтандыруды ұйымдастыруды және тағам сапасын бақылау;
- азық-түлік сапасын жақсарту бойынша ұсыныстар енгізу;
- тамақ сапасы бойынша социологиялық зерттеулерге қатысу.

Медицина қызметкері:

- тамақтың сапасын және мектеп оқушыларының дұрыс тамақтануын сақтауды бақылау;
- асхана мен тамақтандыру бөлімшесінің санитарлық жағдайын қадағалау;
- денсаулық сабақтары;
- білім алушылардың денсаулық жағдайларын бақылау.

Тамақтандыруды ұйымдастыруда жүзеге асатын іс-шаралардан күтілетін нәтижелер:

- мектептегі тамақтануды ұйымдастыру бойынша құжаттар пакеті;
- рационалды және теңгерімді тамақтану принциптерін сақтай отыра балалар мен жасөспірімдерді жасына байланысты физиологиялық қажеттіліктерін қанағаттандыратын тамақтанумен қамтамасыз ету;
- мектеп тамағының қолжетімділігін қамтамасыз ету;
- тамақтануда қолданылатын тамақ өнімдерінің және азық-түлік өнімдерінің кепілдендірілген сапасы мен қауіпсіздігі;
- балалар мен жасөспірімдер арасындағы тамақтану факторларымен байланысты жұқпалы және жұқпалы емес аурулардың алдын алу (профилактикасы);
- мектеп асханасының материалдық-техникалық базасын заманауи әзірлемелер мен технологияларға сәйкес дайындау;
- салауатты және құнарлы тамақтану принциптерін насихаттау;
- салауатты тамақтану мәселелері бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру;
- мектептегі тамақтануды қаржыландыру жүйесін жетілдіру;
- Мектеп оқушыларының тамақтану сапасын арттыру арқылы олардың денсаулығын жақсарту.

№ Р/с	Іс-шара	Өткізу уақыты	Жауаптылар
	I. Ұйымдастыру-талдау жұмыстары, ақпараттық қауіпсіздік		
1.	Мектепте тамақтандыруды ұйымдастыруды реттейтін нормативтік құжаттарды зерделеу	Тамыз Қыркүйек	Директор ТЖО
2.	Тамақтандыруды ұйымдастыру, бағалау комиссиясын, тамақ сапасын бақылау комиссиясын құру туралы бұйрықтар шығару	Тамыз Қыркүйек	Директор ТЖО

3.	Мектептің әкімшілік құжаттарын жариялау және тамақтандыру жоспарлары мен ережелерін бекіту	Тамыз Қыркүйек	Директор ТЖО
4.	Білім алушылардың жеңілдік санатына жататынын растайтын құжаттар жинағы. Тегін тамақтануға құқығы бар оқушылар тізімі, 1-4 сынып оқушылар тізімін қалыптастыру және бекіту	Ағымдағы оқу жылы	ТЖО Сынып жетекшілер
5.	Мектептегі тамақтандыруды ұйымдастыру және дамыту бойынша директормен жиналыс	Тамыз	Директор ТЖО
6.	Мектеп асханасына жеткізілетін өнімдерді, тағамның сапасын, санитарлық-гигиеналық нормалардың сақталуын бақылау бойынша қабылдау комиссиясының жұмысын ұйымдастыру	Ағымдағы оқу жылы	ТЖО Бракераждық комиссия
7.	1-9 сынып жетекшілер қатысуымен мектептің тамақтану жөніндегі комиссиясының отырысындағы сұрақтар: <ul style="list-style-type: none"> - оқушыларды тегін және қоғамдық тамақпен қамту; - санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтау; - жұқпалы аурулардың алдын алу 	Ағымдағы оқу жылы (жоспар бойынша)	Тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша мектеп комиссиясы
8.	Тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша сынып жетекшілерінің есебі	Ағымдағы оқу жылы	Сынып жетекшілері
9.	Мектеп әкімшілігімен асхана жұмысына күнделікті мониторинг жүргізу, мақсатты тақырыптық тексерулер жүргізу	Ағымдағы оқу жылы Күнделікті	Тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша мектеп комиссиясы
10.	Мектеп тағамдарын ұйымдастыруға арналған стендтерді безендіру және мектеп сайттарында парақшарды безендіру	Ағымдағы оқу жылы	ТЖО Мектеп тәлімгері
11.	Тамақтандыруды ұйымдастыру сапасы бойынша оқушылармен, ата-аналармен, мұғалімдермен сауалнама жүргізу	Ағымдағы оқу жылы	Сынып жетекшілер
12.	Тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша есептік құжаттардың жүргізілуі	Күн сайын	ТЖО Медбике Аспаз
II. Әдістемелік қамтамасыз ету			
1.	1-4, 5-9 сынып жетекшілеріне консультациялар ұйымдастыру:	Ағымдағы оқу жылы	Сынып жетекшілер Медбике

	<ul style="list-style-type: none"> - оқушылардың тамақтану кезінде өзін-өзі ұстау мәдениеті, санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтауы; - тамақтануды дұрыс ұйымдастыру – денсаулық сақтау кепілі 		
2.	Мектептегі тамақтандыруды ұйымдастыру мен дамытудың оң тәжірибесін жалпылау және тарату	Ағымдағы оқу жылы	Мектеп әкімшілігі Тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша мектеп әкімшілігі
3.	Тамақтандыруды ұйымдастыру сұрақтары бойынша сынып жетекшілермен жеке кеңес жүргізу	Ағымдағы оқу жылы	ТЖО Медбике
	III. Оқушылар арасында дұрыс тамақтану мәдениетін қалыптастыру, салауатты өмір салтын насихаттау бойынша жұмыс жүргізу		
1.	Төмендегі тақырыптарға сынып сағаттары мен әңгімелер өткізу: <ul style="list-style-type: none"> - «Тамақтану мәдениеті»; - «Дұрыс тамақтану – денсаулық кепілі»; - «Ішек аурулары және оның алдын алу шаралары» 	Тамыз	Сынып жетекшілері Медбике
2.	Ойын- бастауыш сыныптары үшін мереке: <ul style="list-style-type: none"> - «Тамақтану әліппесі»; - «Дәрумендер жәрмеңкесі» Көкөністер мен жеміс –жидектерден бұйымдар жасау сайысы 	Ағымдағы оқу жылы	Сынып жетекшілер Мектеп тәлімгері
3.	Мектепішілік тамақтандырудың сапасы туралы оқушылармен сауалнама жүргізу және дайындау: <ul style="list-style-type: none"> -«Мектепішілік тамақтандыру- сапа және түрлі тағам»; - «Аспазшыға айтамыз «Рахмет!» 	Ағымдағы оқу жылы	Сынып жетекшілер
4.	Мектепішілік суреттер сайысына қатысу: «Дұрыс тамақтан –денсаулығың аман!»	Қазан айы	Сынып жетекшілер
5.	Ғаламтор сайтында тамақтандыруды ұйымдастыру туралы ақпаратты жаңартып отыру	Ағымдағы оқу жылы	Тәлімгер
	IV. Мектептегі тамақтандыруды ұйымдастыру мәселесі бойынша		

	оқушылардың ата-аналарымен жұмыс (заңды өкілдері)		
1.	Тамақтандыруды ұйымдастыруға байланысты ата-аналармен сынып сағаттарын өткізу: -«Мектеп оқушыларының салауатты өмір салтын қалыптастыру мәдениетін дамыту бойынша отбасы мен мектептің бірлескен жұмысы»; - «Оқушының тамақтануы және оның денсаулығы»; - «оқушылардың психикалық және физикалық көрсеткіштерін сақтаудағы мектептегі тамақтанудың рөлі»; - «Тамақтану, тәрбиелеу, білім алу»; - «Дұрыс тамақтану – денсаулық кепілі»	Ағымдағы оқу жылы	ТЖО Сынып жетекшілері
2.	Өмірлік қиын жағдайға тап болған отбасылар балаларына тегін тамақтандыру түрінде көмек көрсету	Ағымдағы оқу жылы	ТЖО Сынып жетекшілері
3.	Салауатты тамақтану және мектеп асханасының жұмысы бойынша сауалнама жүргізу	Қыркүйек Сәуір	ТЖО Сынып жетекшілері
4.	Тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша жеке кеңестер	Ағымдағы оқу жылы	Сынып жетекшілері Медбике
	V. Асхананың материалдық-техникалық базасын жақсарту бойынша жұмыстарды ұйымдастыру		
1.	Мектеп асханасын қолданыстағы заңнама талаптарына, санитарлық ережелер мен нормаларға сәйкес жаңа оқу жылына ұйымдастыру және жедел дайындау	Тамыз	Мектеп әкімшілігі
2.	Мектеп асханасының тамақ бөліміне төлқұжат дайындау	Қыркүйек Сәуір	ТЖО
3.	Асхананың эстетикалық дизайны	Үнемі	ТЖО
4.	Азық-түлік сапасын бағалау журналдарын жүргізу	Қыркүйек	ТЖО Аспаз
	VI. Педагогикалық ұжыммен жұмыс		
1.	Қоғамдық және тегін тамақтануды ұйымдастыру бойынша педагогикалық кеңес	Қыркүйек Қаңтар	Директор ТЖО
2.	Асханада мұғалімдер кезекшілігін ұйымдастыру	Ағымдағы оқу жылы	ТЖО

3.	Директормен қоғамдық және тегін тамақтануды ұйымдастыру бойынша жиналыс	Қыркүйек Қаңтар	Директор ТЖО
	VII. Тамақтандыруды ұйымдастыруды бақылау		
1.	Келіп түсетін өнімнің сапасын, сақтау жағдайларын және оларды пайдалану мерзімдерін тексеру	Күнделікті	Бракераж комиссиясы Медбике
2.	тамақтандыру пунктiнiң санитарлық-гигиеналық жағдайын бақылау	Күнделікті	Медбике
3.	Оқушылардың тамақтануын ұйымдастыруды бақылау	Күнделікті	Кезекші мұғалім
4.	Тамақтандыру персоналының жеке гигиеналық ережелерді сақтауы	Күнделікті	Медбике
5.	Толық және теңдестірілген тамақтануды бақылау	Тоқсанына 1 рет	Бракеражды комиссия
6.	Бекітілген мәзірге сәйкес тамақтану рационының сәйкестігін бақылау	Күнделікті	Бракеражды комиссия

Орындаған: Бударина Н.Б.